22004312636

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қараша № 1013-24-00-2/2235 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К. Сыздыков,
сот отырысының хатшысы А.Марсеитованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Досанова» Айман Кеңесбайқызы Досанова

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Е.Сунгатов
талап қоюшының өкілі А.Жунусова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 01 шілдеде тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы №160 келісім шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде.

Жеткізу мерзімі 2024 жылғы 23 шілде аяқталған.

Алайда, жауапкер тарапынан шартта белгіленген мерзімде тауар жеткізілмеген.

Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алу көзделген.

Талап қоюшы сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында келісім шарт жасалғаның, алайда жауапкер келісім шартта көрсетілген тауарды толық жеткізбегенін, яғни келісім-шартта

көзделген өз міндеттемелерін толық орындамағанын көрсеткен. Сондай-ақ талап қоюшы тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрады.

Жауапкер сотқа қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюды мәні бойынша қарағанға дейін талап қоюшы жауапкер тарапынан Шарттың ішінара орындалуына байланысты, талап қою талаптарын азайтты. 1290 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын, 39 теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды өндіріп алуды сұрады.

Талап қоюшының өкілі А. Жунусова талап қоюды нақтылап, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны жөнінде тиісінше хабарланғанымен, белгісіз себептерге байланысты сотқа келмей, өзінің келмеуінің себептерін сотқа хабарлап, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы жазбаша өтінішін келтірген жоқ. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-тармағына сәйкес сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп тауып, талап қоюшының өтінішін ескере келе, істі сотта қарауды жауапкердің қатысуынсыз қарау мүмкін деп шешті.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 25.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Сыздыков К. С., 27.12.2024
1013-24-3-1/2235

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында келісім-шарт жасалған, алайда жауапкер келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамаған.

Бұл мән-жайлар, істегі құжаттарымен дәлелденеді.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкер сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағаны туралы дәлел табыс етпеді және іске жауапкердің өкілі қатыспады.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында, Тапсырыс беруші Орындаушы ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының, ал тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Өз кезегінде, талап қоюшы жауапкерден тұрақсыздық сомасы 1 290 теңгені (43 000 теңге * 0,1% * 30 күнге) өндіруді сұрап отыр.

Сондықтан, сот талап қоюшының есебімен келісіп, жауапкерден келісім-шарттағы міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны үшін 1 290 теңгені (43 000 теңге * 0,1% = 43 теңге * 30 күнге) тұрақсыздық сомасын талап қоюшы сұрағандай өзінің пайдасына өндіру қажет деп есептейді,

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 25.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Сыздыков К. С., 27.12.2024

сондықтан сот талап қоюшының бұл талабын толық қанағаттандырғанды жөн деп табады.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж салығы 39 теңгені өндіру қажет деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1846 теңгені өндіру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Досанова» Досанова Айман Кеңесбайқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Досанова» Досанова Айман Кеңесбайқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Досанова» Досанова Айман Кеңесбайқызынан Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 290 (бір мың екі жүз тоқсан) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 39 (отыз тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Досанова» Досанова Айман Кеңесбайқызынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **К.С. Сыздыков**

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 25.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Сыздыков К. С., 27.12.2024

1013-24-3-1/2235